



Композиторлар одағына мүше болды

**Арқалық қаласының
Құрметті азаматы, өнер
жанашыры, Кәки АҚАНҒА
Қостанай облыстық «Ком-
позиторлар одағы» ҚБ
-нің куәлігі табыс етілді.**

Мұндай мәртебелі атақ Кәки ШӘРІПҰЛЫНА қаламызда еткен дәстүрлі облыстық «Өнеріміз саған, Қазақстан!» аталатын XXXV ші көркемөнерпаздар фестивалінде салтанатты түрде берілді.

Кәки ШӘРІПҰЛЫ жастайынан өнерге бейім болған. Мектеп жаңындағы көркемөнерпаздар үйірмесінің белгілі домбырашысы, кейін Аманкелді аудандық Мәдениет үйіне көркемдік жетекші қызметіне тағайындалады. Одан соң Қостанай қаласынан баян аспабының курсын тәмамдайды. Қобызшы Қазбек, әнші Құтжан ағаларымен бірге ауданның мәдениетін, өнерін көтеруге үлкен үлес қосқан. Аудандық ұлттық оркестрдің бас домбырашы-

сы болып, көпті өнерімен тәннегінде танылды.

Өмір жолында сан сала-да жауапты қызметтер атқара-жүріп, өнерден қол үзген жоқ. Зейнетке шыққан соң да, өзін жетекшілік еткен Арқалық қалалық ардагерлер үйымы жа-нынан «Қазына» көркемөнер-паздар үйымын құрып, облыс-колемінде танылды.

Өзі туып – өскен Аманкелді ауданының 90 жылдық тойына арнап «Алтын үя бесігім» әнін жазған. Мұнан бөлек әр жылдары жазған: «Елім менің», «Қаһарманым», «Арқалық астанасы Торғайым-ның», «Ардагерлер әні», «Мен бақытты қазақын» өлең – әндері түрлі сахналарда орында-лып жүр.

Осылайша, өңірдің өнері мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосқан Кәки атамыз облыстық композиторлар одағына мүше болып отыр. Кәки ШӘРІПҰЛЫН осы марапатымен құттықтайдырып, мықты денсаулық ұзақ ғұмыр тілейміз!